

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері Сари Г.К.Сағпазова

Кіріктірілген ұйымдастырылған іс -әрекеті

Тақырыбы: «Қызықты әлемге саяхат»

Өткізген: №1 кіші «Күншуақ» тобының тәрбиешісі А.Мендыгулова

2022/2023оқу жылы

Кіріктірілген ұйымдастырылған іс -әрекеті

Тақырыбы: «Қызықты әлемге саяхат»

Мақсаты: Балалардың түстер туралы білімдерін кеңейту, негізгі төрт түстерді (көк, қызыл, сары, жасыл) ажыратуға бірдей түстерді табуға жаттықтыру. Қол мен көз үйлесімдігін дамыту.

Үй жануарларын танып атай білуді сыртқы ерекшеліктерін суреттеріне қарай ажырата отырып, үй жануарларының ойыншықтарын сәйкестендіріп сурет бейнесіне орналастырып үйретуді жалғастыру. Есте сақтау қаблеттерін арттыру. Аудиожазба арқылы жануарлардың дауыстарын ажырату, дөңгелектердің түстеріне қарай сәйкестендіріп стаканчиктерді орналастыру, ойыншықтардың көлемін ажырату дағдысын жетілдіру. Дақылдардың арасынан ұсақ ойыншықтарды табуға қызығушылығын ояту, ұсақ қол моторикасын дамыту.

Шаттық шеңбер

Сәлем, сәлем балақан (қолдарын жандарына созады)

Сәлем, сәлем алақан (алқандарын көрсетіп шапалақтайды)

Сәлем, сәлем беттерім (беттерін қос қолмен ұстайды)

Сәлем, сәлем мұрыным (мұрнын көрсетіп пип-пип деп айту)

Сәлем, сәлем қолдарым (қолдарын жоғары көтереді)

Сәлем, сәлем аяқтарым (аяқтарын топылдатады)

Тәрбиеші: Балалар қане пойыз ойынын ойнап, гүлдер әлеміне үй жануарлары мен ойыншықтар әлеміне саяхат жасап қайтайық.

Тәрбиеші: Чук-чук пыш, чуук-чук пыш

Қуанып күлейік

Пойыз боп жүрейік

Түстер әлеміне

Тездетіп жетейік Чук-чук пыш, чук-чук пыш

Тәрбиеші балалармен түстер әлеміне келеді.

Дидактикалық ойын: «Стаканчиктерді дөңгелектердің түсіне қарай орналастыр»

Шарты: Балалар қағазда бейнеленген дөңгелектердің түсіне қарай стаканчиктерді орналастыру керек.

Тәрбиеші: - Қарандаршы балалар, мына жерде түрлі-түсті дөңгелектер бейнеленген. Осы дөңгелектердің түсіне қарай мына стаканчиктерді орналастырамыз.

Ойын барысында тәрбиеші балалардың жұмысын қадағалап, жеке көмек көрсетеді.

Тәрбиеші: Чук-чук пыш, чуук-чук пыш
Қуанып күлейік
Пойыз боп жүрейік
Үй жануарлар әлеміне
Тездетіп жетейік
Чук-чук пыш, чук-чк пыш

Тәрбиеші балалармен үй жануарлары еліне келеді.
Балалар, үй жануарларын көріп тәрбиешімен бірге аттарын қайталайды,
аудиожазбадан түйе, жылқы, сиыр, қой ешкі, ит дауыстарын тындап,
ажыратады.

–Түйе боздайды бо-бо-бо.
–Жылқы кісінейді ио-ио.
–Сиыр мәңірейді мө-мө.
–Қой ешкі маңырайды мә-мә-мә.
–Ит үреді аф-аф.
Балалар дыбыстарын қайталайды.

Дидактикалық ойын: «Үй жануарларының бейнесіне қарай
жануарларды орналастыр»

Тәрбиеші: Балалар үй жануарларының суреттеріне үй жануарлары
ойыншықтарын қоямыз, тәрбиеші қиналған балаларға көмектеседі.
Балалар ойыншықтарды қояды. Тәрбиеші мадақтайды. (балалар қуанады
қолдарын шапалақтайды, аяқтарын соғады)

Қимылды ойын: «Гүлдерге көбелектерді қондырамыз»

Ойын ережесі: Балалар музыка әуенімен көбелектеді қолдарына ұстап
ұшып гүлдерге түстеріне қарай қондырады. (ойын 2-3 рет қайталайды,
тәрбиеші балаларды мадақтайды)

Дидактикалық ойын: «Ыдыста не жасырылғанын тап»

Тәрбиеші:- Балалар қарандаршы мына ыдыстарда дәнді дақылдар бар екен.
Кәне осы дәнді дақылдар арасына қолымызды салып, не жасырылғанын
тауып көрейік. Балалар қарайды, қуанады, қол шапалақтайды.

Тәрбиеші: Балалар енді ойыншықтар әлеміне барамыз ба? Қане
ойыншықтар әлеміне барайық.

Тәрбиеші: Ой балалар мында қандай әдемі ойыншықтар бар
қарандаршы бұл ойыншықтар қалай аталады?

Балалар: Доп, машина, қуыршақ, аю, қоян. Балалар ойыншықтарды атап, көлемін ажыратады.

Мына машинаның көлемі қандай? (үлкен).

Мына машинаның көлемі қандай? (кішкентай)

Қуыршақтың көлемі қандай? (үлкен)

Мына қуыршақтың көлемі қандай? (кішкентай).

Мына доптың пішіні қандай? (дөңгелек)

Түрлі-түсті бояулармен іс-әрекет: «Ғажайып бояулар»

Балалар файлда салынған қағаздағы түрлі-түсті бояуларды саусақтарымен жағу арқылы түрлі-түсті бояуларды араластырып ғажайып бояулар бейнесін шығарады.

Тәрбиеші: Балалар жарайсыңдар осымен іс әрекетімізді аяқтамыз.

Үлкен болып ержетіп

Біз ақылды боламыз.

Апайларға әрдайым

Сау болыңыз айтамыз.

Қош сау болыңыздар.

